

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының борыштары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 20 қарашадағы N 1579

Өзара есеп айырысулар мен "Қарметкомбинаты" МАҚ-ның қызметімен байланысты басқа да мәселелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары Б.М.Имашевқа /"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының қаржы жайы мен борыштарын бағалау жөніндегі комиссияның төрағасы/ мынадай өкілеттіктер берілсін:

дебиторлық және кредиторлық берешектермен байланысты мәселелер бойынша барлық құқықтық мекемелер, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарға Қарметкомбинаттың атынан өкілдік ету;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдын ала қолдауымен мүліктің барлық түрлерімен, соның ішінде құнды қағаздар және мүліктік құқықтармен де дебиторлық және кредиторлық берешектерді өтеуге келісім беру, кредитордың талабын орындау, борышты сату туралы келісімдер жасау;

"Қарметкомбинаттың" борышкерлері - заңды тұлғалар және жеке адамдарға шағым жасау, талаптар қою және барлық соттарда талапкер, жауапкер, үшінші тұлғаның құқықтарымен істер жүргізуге немесе тікелей талап қоюдан ішінара бас тарту, талапты мойындау, бітім жасау, сот шешіміне шағым беру, орындау құжаттарын өндіріп алуға ұсыну, берілген мүлік немесе ақшаны алу.

2. Б.М.Имашевқа өзіне берілген құқықтарды іске асыруға байланысты құжаттарға қол қою құқығы берілсін.

3. Өндірілген соманың түсуіне жедел бақылау жасау және мемлекеттің мүддесі үшін тиімді пайдалану мақсатында Б.М.Имашевқа оларды жинақтау үшін арнайы шот ашуға рұқсат берілсін;

борыштарды өндіру және кредиторлық берешектерді өтеу жөніндегі жұмысқа жергілікті атқару және тәртіп сақтау органдары, сондай-ақ шарттық негізде - құқықтық, аудиторлық, консалтинг фирмалары мен басқа да заңды тұлғалар белгіленген тәртіппен тартылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК